

Қауымдық сервитут белгілеу туралы

Маңғыстау облысы Бейнеу ауданы Ақжігіт ауылы әкімінің 2022 жылғы 22 қыркүйектегі № 22 шешімі

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 19-бабына, 69 бабының 4-тармағының 2-тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" заңының 35-бабы 1-тармағының б) тармақшасына сәйкес ШЕШТІМ:

1. "QazaqGaz" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамына, ШТИ-003, КУ-336 электр жабдықтау желісін салу үшін меншік иелері мен жер пайдаланушылардан жер учаскелерін алып қоймастан Ақжігіт ауылынан ауданы 0,1235 гектар жер учаскесі 3 (үш) жыл мерзімге қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "Ақжігіт ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

осы шешімді ресми жариялауға жіберуді;

Бейнеу ауданы әкімі аппаратының ресми интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін;

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ақжігіт ауылы әкімінің міндетін атқарушы

А.Дүйсенбаев